

"Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу кезінде заңды тұлғаларға қойылатын талаптар туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Төрағасының 1997 жылғы 3 қазандағы N 156-А қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 16 қазанда тіркелді. Тіркеу N 404. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 мамырдағы N 177 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті лицензиялау туралы Ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 2 қазандағы N 1402 Қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

I. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі лицензия беруге өтінішті қарау кезінде заңды тұлғаларға қойылатын талаптардың тізбесі белгіленсін:

1. Өтінушінің мынадай көрсеткіштерінің оның қызметінің барлық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (БҚҰК) белгілеген талаптарға және нормативтерге сәйкестілігі;

1) жарғылық капиталының мөлшері;

2) өтінушінің штатында өтінушінің (оның филиалының, өкілдігінің) 3-санатты біліктілік куәліктері бар кемінде үш маманының болуы, оның ішінде:

б а с ш ы қ ы з м е т к е р л е р ;

активтерді инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын б ө л і м ш е л е р д і ң б а с ш ы л а р ы ;

инвестициялық шешімдерді қабылдауға және жүзеге асыруға тікелей қ а т ы с а т ы н м а м а н д а р .

3) үй-жайдың, ұйымдастыру техникаларының, компьютерлердің, бағдарламалық-техникалық құралдардың және брокерлік кеңселермен, зейнетақы қорларымен, Орталық депозитариямен және банк-кастодиандармен өзара әрекеттестікті қамтамасыз ететін телекоммуникациялық құрал-жабдықтың болуы ;

4) заңды тұлға өзінің құрылтайшыларының қаржылық тұрақтылығын растау к е р е к ;

5) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті ұйымдастыруды реттейтін ішкі құжаттар әзірленуі керек.

2. Осы Қаулының 1-тармағында аталған көрсеткіштер мынадай құжаттармен
р а с т а л у к е р е к :

1) заңды тұлғалар-құрылтайшылар туралы мәліметтер;
анкеталық мәліметтер (1-қосымша);
заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
құрылтай құжаттарының нотариалды расталған көшірмелері;
бухгалтерлік баланстар және аяқталған соңғы екі қаржы жылының және
БҚҰК құжаттарды ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның қаржы нәтижелері туралы
е с е п т е р ;

аяқталған соңғы қаржы жылындағы қаржылық есеп берушілікке аудиторлық
е с е п ;

2) жеке тұлғалар-құрылтайшылар туралы мәліметтер:
анкеталық мәліметтер (2-қосымша);
табыстар және мүлік туралы салық органдары растаған декларация;
3) басқару органдары туралы мәліметтер, бөлімшелері туралы ережелер және
тегін, атын, әкесінің атын, енгізу туралы бұйрықтың күнін және нөмірін көрсете
отырып штаттық кесте енгізілген өтінушінің ұйымдық құрылымы;

4) жоспарлау-қаржылық құжаттарымен қоса өтінушінің қызметінің
экономикалық негіздемесі (бизнес-жоспар);

5) өтінушінің ішкі аудит қызметі туралы ереже;
6) инвестициялық шешімді қабылдаудың және жүзеге асырудың тәртібі
т у р а л ы е р е ж е ;

7) зейнетақы активтерімен жасалған мәмілелердің орындалысына бақылау
жасаудың тәртібі туралы ереже;

8) мәліметтердің тұтастығын және ақпараттардың құпиялығын қамтамасыз
етуге ішкі бақылау жасау туралы ереже;

9) инвестициялық шешімдер қабылдауға және жүзеге асыруға тікелей
қатысатын тұлғалардың, олардың құқықтары мен міндеттері нақты жазылған
л а у а з ы м д ы қ н ұ с қ а у л а р ы ;

10) үй-жайдың ұйымдастыру техникаларының, телекоммуникациялық
құрал-жабдықтардың және бағдарламалық-техникалық құралдардың бар екенін
р а с т а й т ы н қ ұ ж а т т а р ;

11) бухгалтерлік баланс және өтінушінің соңғы аяқталған қаржы жылының
және соңғы тоқсанның (құжаттарды ұсыну сәтіне) қаржылық нәтижелері туралы
е с е б і ;

12) өтінушінің аяқталған соңғы қаржы жылындағы (егер аяқталса) қаржылық
есеп берушілікке аудиторлық есеп;

13) өз капиталының қолданылып жүрген заңдарға сәйкес есебі және
жарғылық капиталын қалыптастыруды растайтын қаржылық құжаттар;

14) өтінушінің осы Қаулының 1-тармағының 2) тармақшасында аталған қызметкерлеріне БҚҰК берген, қолданылып жүрген үшінші санатты (бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі жұмыстарды орындауға рұқсат ету құқығымен) біліктілік куәліктерінің көшірмелері;

14-1) осы Қаулының 1-тармағының 2) тармақшасында аталған тұлғалардың еңбек кітапшаларының (олар бар болса) немесе жеке еңбек шарттарының не жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың үзінді-көшірмелерін;

15) ақпараттық-техникалық қызмет көрсетуге Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығымен жасасқан келісімнің көшірмесі.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 14)-тармағы жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999.04.20. N 30 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ 14-1)-тармақшамен толықтырылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 26 ақпандағы N 62 қаулысымен .

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 106 қаулысымен .

3. БҚҰК өтінушіден Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қосымша құжаттарды ұсыну жолымен оның қызметі туралы мәліметтерді ашуды талап етуге құқылы.

4. Өтінушінің лицензия алуға ұсынылған құжаттарға қол қойған лауазымды тұлғасына осы құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығына заңмен белгіленген жауапкершілік жүктеледі. Лицензиар өтінушінің құжаттарындағы мәліметтердің дұрыс еместігі үшін жауап бермейді.

5. Өтінуші мәліметтердегі және осы Қаулының 2-тармағына сәйкес лицензия алуға ұсынылған құжаттардағы өзгерістер туралы БҚҰК жазбаша түрде е с к е р т у г е м і н д е т т і .

Өзгерістер туралы мәліметтер БҚҰК он күн мерзімде берілу керек.

II. Лицензиат зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті 6 ай ішінде жүзеге асырмаған жағдайда, лицензияны қолдану тоқтатыла тұрады.

6. Осы Қаулының орындалысына бақылау жасау БҚҰК Инвестициялау басқармасына жүктелсін.

7. Осы Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ Л Т Т Ы Қ К О М И С С И Я Н Ы Ң

Төрағасы